

Саяси күғын – сүргін қурбандары мәңгі есте



**31 мамыр саяси күғын –
сүргін қурбандарын
еске алу күніне орай
қаламызды митинг етіп,
жынылғандар Алаш ар-
дақтысы Ахмет Бай-
турсынов мусініне гүл
шоқтарын қойды.**

Жазықсыз жаламен азапташ, сол кездегі жауыз жүйе сан мындаған адамдармен бірге олім жазасына кескен Ахан атындағы алаңға көктемнің соңғы күнінде биыл да жүртшылық жиналған. Зұлмат жылдар қурбандары 1 минут үнсіздікпен еске алынып, олардың рухтарына қаснетті Рамазан айында Түркия елінен арнайы келген Қари курән бағыштады. Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы Гүлбану ЕЛТЕБАЕВА қалымыздың басына қара булт үйірғен зобалаң жылдар зардабын сез етіп, ноубет кезең қурбанының үрнагы ретінде Хамит ДОСЖАНОВ ақсақал да қын заманның естелігімен болісті. Қазақ жағестірімдер театрының артистері сахналық, қойылыммен

откен күндер көріністерін көз алдыммызға анелді.

Уш жүз жылдай патшалық Ресейдің, 70 жыл Кеңес үкіметінің отары болған қазақ халқы уstem елдің небір қанқұйлы арекеттерін көрді. Солардың ішіндегі ең зұлматты кезең – 1931 – 1932 жылдардагы қолдан жасалған аштық, пін 1937 – 1938 жылдардағы саяси күғын – сүргін екені даусыз. Тарихи маліметтерге сәйкес 1931-1933 жылдың ашаршылыты миллион-даган қазақтың басын жүтса, 1937-1938-дің репрессиясы қазақтың бетке үстар қаймагын қынадай қырып салды. Қызыл империяның қаны тамған заманда елімізде 20-дан астам лагерь жұмыс істеп, оларда 800 мындан астам асыл азаматтарымыз азап шекті. 1937-1938 жылдар аралығында 103 мың адам күпиндалып, 27 мындан астам адам атылған. Зобалаң жылдарда қурбан болған қандастарымыз жаилы шындық сол кездегі солакай сансат кесірінен көп уақыт айтылмай журді. Эйтсе де, Тауелсіздігімізді алып, дербес ел атанған соң, 1997 жылдан бастап жазықсыз жапа шеккен отандастарымыз ресми түрде есие алынып келеді.